

тіркеу № 173  
«29» желтоқсан 2018 ж.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының  
2018 жылғы «28» желтоқсандағы  
№ 98 хаттамасымен  
бекітілді

**«Ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау» электрондық қызметінің стандарты**

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Хаттама бекітілген күн	Хаттама №	Тіркеу №
1	Хаттама	«__» _____ 201__ ж.	№ ____	№ ____
2	Хаттама	«__» _____ 201__ ж.	№ ____	№ ____
3	Хаттама	«__» _____ 201__ ж.	№ ____	№ ____
4	Хаттама	«__» _____ 201__ ж.	№ ____	№ ____

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 201\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттамасымен күшін жойды деп танылды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Ерікті зейнетақы жарналары (өз пайдасына) есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау» электрондық қызметінің стандарты	15 беттің 2-беті
---	--	------------------

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау» электрондық қызметі стандартының (бұдан әрі - Стандарт) мақсаты - жеке тұлғамен оның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған «Ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЕЗЖ) есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау» тәртібін анықтау.

2. Стандарт ЕЗЖ салымшыларына (алушыларына) (бұдан әрі – қызмет алушы), сондай-ақ «БЖЗҚ» АҚ-ның (бұдан әрі – БЖЗҚ) БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шотын (бұдан әрі – ЖЗШ) ашу үдерісіне қатысатын құрылымдық бөлімшелеріне таратылады және үдерістердің барлық кезеңдерінде қолданылуы тиіс.

3. Стандарт «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 984 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 137 Қаулысымен бекітілген Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасау және оның үлгілік нысанын бекіту туралы қағидаларына, «БЖЗҚ» АҚ қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне және БЖЗҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

4. Стандартта мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) ААЖ – салымшылар (алушылар), салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары және салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары бойынша жүргізілетін операциялары туралы ақпаратты қамтитын және ақпараттың сенімділігін, сақталуын және оны рұқсатсыз кіруден қорғауды қамтамасыз ететін БЖЗҚ-ның автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

2) веб-сервис – онлайн түзінде веб-стандарттар негізінде бағдарлама аралық өзара әрекетті қамтамасыз ететін желілік технология;

3) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры (бұдан әрі – ЖТ МДҚ) – ақпаратты автоматты түрде жинақтауға, сақтауға және өңдеуге, Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіруге енгізу және олар туралы өзекті және нақты мәліметтерді мемлекеттік басқару органдарына және олардың өкілеттігі шегінде және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге де субъектілерге беру мақсатында Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін құруға бағытталған ақпараттық жүйе;

4) ЕЗЖ есебінен шарт – тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, сондай-ақ БЖЗҚ мен салымшының (алушының) арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін белгілейтін БЖЗҚ мен салымшының (алушының) арасында жасалған өз пайдасына ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт;

5) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) – жеке тұлға, соның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

6) жеке зейнетақы шоты (бұдан әрі–ЖЗШ) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшының (алушының) ЕЗЖ, инвестициялық табысы, өсімпұл және өзге де түсімдері есепке алынатын және зейнетақы төлемдері жүргізілетін жеке атаулы шоты;

7) Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландыру орталығы (бұдан әрі – ҚР ҰКО) – электрондық почтаның хабарламаларын қорғау үшін, сонымен қатар түрлі бизнес құрылымдардың ақпараттық жүйелерін, электрондық үкіметтің сервисін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары үшін ЭЦҚ және сенімді аутентификациялау құралын беру бойынша қызметтерді көрсететін заңды тұлға;

8) тіркеу куәлігі - куәландырушы орталық электрондық цифрлық қолтаңбаның «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін ҚР ҰКО беретін қағаз түріндегі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Ерікті зейнетақы жарналары (өз пайдасына) есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау» электрондық қызметінің стандарты	15 беттің 2-беті
---	--	------------------

күжат немесе электрондық күжат;

9) Қызмет – «Ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау» электрондық қызметі;

10) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі –ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық күжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар жиынтығы;

11) электрондық күжат - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған күжат.

5. Стандартқа қосымша – «Ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау» электрондық қызметінің блок-сызбасы

6. ЕЗЖ есебінен шарт жасау және ЕЗЖ есебінен шарт жасау нәтижесін беру БЖЗҚ-ның веб-сайты арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте ААЖ-да тіркелген ЕЗЖ есебінен шартты қарау, өңдеу және бақылау үдерісі БЖЗҚ-да ЖЗШ ашу тәртібін регламенттейтін БЖЗҚ ішкі нормативтік күжаттарында айқындалған.

## 2-тарау. Қызметті алу тәртібі

7. Қызмет көрсету және көрсетілген қызмет нәтижесін беру нысаны – электрондық (автоматтандырылған).

8. Көрсетілетін қызмет қызметті алушыға тәулік бойы қолжетімді (техникалық жұмыстардың жүргізілуіне байланысты БЖЗҚ веб-сайты жұмысындағы, сондай-ақ ЖТ МДҚ сервисіндегі үзілістерден басқа).

9. Көрсетілетін қызмет нәтижесін алудың рұқсат етілген ең ұзақ күту уақыты – 5 минут.

10. Көрсетілетін қызметтер үдерісіне қойылатын талаптар:

1) конфиденциалдылық (ақпаратты рұқсатсыз алудан қорғау);

2) тұтастық (ақпаратты рұқсатсыз өзгертуден қорғау);

3) қолжетімділік (барлық авторланған пайдаланушылар үшін қызметтердің қолжетімділігін тұрақты қамтамасыз ету).

11. Қызметтерді алу үшін:

жеке тұлғаның өзекті ЭЦҚ болуы (Өтініш ресімдеу кезінде ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімінің басталуы және өтіп кетпеуі, сондай-ақ тіркеу куәлігінің кері қайтарылып алынғандар тізімінде болмауы және онда ҚР ҰКО номенклатурасына сәйкес оны қолдану саясатын растайтын объектілік сәйкестендіргіштер қамтылуы керек);

ЖТ МДҚ қызметті алушының жеке басын куәландыратын күжаты деректемелерінің өзектілігін, соның ішінде күжаттың жарамдылығын растау;

ЖТ МДҚ деректеріне қызметті алушының ЭЦҚ сертификатында бар тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН деректері сәйкес келуі қажет.

12. Қызметті алушыны сәйкестендіру ҚР ҰКО шығарған және Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларды сәйкестендірудің тіркеу куәліктерін қолдану саясаты бар ЭЦҚ кілті негізінде жүзеге асырылады. Қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты және ЖСН сәйкес келетінін, жеке басын куәландыратын күжат деректемелерінің өзектілігін растайтын мәліметтер (күжат түрі, нөмірі, берген орган және күні, қолданылу мерзімі), оның ішінде жеке басын куәландыратын күжаттың жарамдылығы туралы мәлімет Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ куәландырылған электрондық күжат түрінде веб-сервис арқылы ЖТ МДҚ-дан беріледі. Бұл ретте қызмет алушыдан ЖТ МДҚ-дан алынатын мәліметтерді талап етудің қажеті жоқ.

13. Қызметті алушының ЭЦҚ пайдаланып қолын қойған ЕЗЖ есебінен шарты БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен шарт жасау және ЕЗЖ есепке алу бойынша ЖЗШ ашу үшін негіздеме болып табылады.

14. ЕЗЖ есебінен шарт нысанының деректемелерін толтыру тәртібі мен талаптары БЖЗҚ-да әзірленген және БЖЗҚ веб-сайтына орналастырылған Пайдаланушының

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Ерікті зейнетақы жарналары (өз пайдасына) есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау» электрондық қызметінің стандарты	15 беттің 2-беті
---	--	------------------

жадынамасында жазылған.

15. Қызметті алушы ЕЗЖ есебінен шартқа қол қою үшін ҚР ҰКО шығарған және Қазақстан Республикасы жеке тұлғалардың электрондық цифрлық қолтаңбаларын тіркеу куәліктерін қолдану саясаты бар ЭЦҚ кілтін пайдаланады.

16. Қызметті алушының ЭЦҚ көмегімен қолы қойылған ЕЗЖ есебінен шарты әрі қарай өңделу үшін ААЖ-ға жіберіледі.

17. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға негіздеме:

1) Стандарттың 10-тармағында көзделген талаптардың орындалмауы;  
2) БЖЗҚ-да жеке тұлғаның бірдей деректемелері (ТАӘ, туған күні, ЖСН) бар ЕЗЖ есепке алу бойынша ашылған ЖЗШ-ның болуы.

18. ЕЗЖ есепке алу бойынша ЖЗШ ашылғаны туралы анықтама көрсетілген қызметтің нәтижесі болып табылады.

### 3-тарау. Қорытынды ережелер

19. Стандарт – БЖЗҚ-ның туынды ішкі нормативтік құжаты, оның ережелері БЖЗҚ Басқармасы бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

20. Стандарт Қазақстан Республикасы заңнамасындағы және БЖЗҚ қызметіндегі ЖЗШ ашу рәсімдері бөлігіндегі өзгерістер ескеріліп, сондай-ақ инновациялық сипаттағы өзге де себептерге байланысты қайта қаралуы мүмкін.

21. Стандарт БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген талаптарға сәйкес өзектендіріледі.

22. Стандарт ережелерінде көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына (бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасы басыңқы күшке ие) сәйкес шешіледі.

23. ЖЗШ ашу және жабу бойынша БЖЗҚ жұмысын үйлестіретін БЖЗҚ бөлімшесі Стандарт мазмұнының өзектілігіне жауапты.


24. БЖЗҚ веб-сайты арқылы ЕЗЖ есебінен шарт жасау үдерісіне қатыстырылған БЖЗҚ Орталық аппараты бөлімшелерінің барлық жауапты қызметкерлері Стандарт талаптары мен рәсімдерін орындауға міндетті.

**Басқарма Төрайымы**

**Н. Наурызбаева**

«Ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау» электрондық қызметінің стандартына ҚОСЫМША

Мақсаты (міндеті): «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қорымен біріктірілген ақпараттық қарым-қатынас кезінде жеке тұлғаларға қашықтан көрсетілетін қызметті дамыту  
 Үдеріс иесі: Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаменті  
 Мүдделі тұлға: Ақпараттық технологиялар департаменті



ИКА\* – қоғамдық қатынастарды реттейтін, құқықтық нормаларды қамтитын ресми құжат. Мемлекет нормативтік құқықтық акті қабылдай отырып, оның қалауын жалғастыра міндеттейді.  
 ИҚ\*\* – көп мәрте қолдануға арналған және нормативтік реттеуге алуал шеберінде барлық «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі –Қор) қызметкерлеріне қолданылатын нормалар мен сағаштары белгілейтін құжат.  
 МК\*\*\* – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған тұлға.  
 QR-код\*\*\*\* – БЖЗҚ әкіметтік қызметкерінің ЭЦҚ қойылған басы құжаттың электрондық нұсқасына веб-сілтемені қамтитын штрих-код. «Электрондық құжат және электрондық шифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ ҚР Заңының 7-бабы 1-тармағына сай құжаттың электрондық нұсқасы қазір түріндегі құжатпен біреуі.